

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №127 "2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 314 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 6754 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 40 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 11.03.2021 № 40 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20209 тіркелген) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №127 "2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6272 тіркелген, 2020 жылы 8 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ж.Ж. Халиуллин) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М.Н.Манкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің

2020 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 314 қаулысына қосымша
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 3 маусымдағы
№ 127 қаулысына қосымша

**2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған
бюджет
қаражатының көлемдері**

Облыс атауы	Барлығы ақшалай қаражат қажет, мың теңге	Субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері, мың теңге				
		бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	1 - ш і көбейтілген тұқымдар	бірінші ұрпақ будандары	Элиталық көшеттер
Батыс Қазақстан облысы	175 991,0	-	10 587,8	72 121,7	93 281,5	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК